

<b>Пәннің аты:қазақ тілі</b>	<b>Уақыты:21.02.2017</b>	<b>Кабинет:40</b>	<b>Мұғалім:Калиева А.А.</b>										
<b>Сабақтың атауы</b>	Етістік												
<b>Мақсаты</b>	<p>Білімділік: Оқушылар сөз табының бірі етістікпен танысады. Етістік пен зат есімнің байланысын байқайды, сөйлем құрайды, жаттығулар, тапсырмалар орындайды.</p> <p>Дамытушылық: Оқушылар сөздік қоры байытылып, байланыстырып сөйлеуі, ой - өрісі, есте сақтауы, шығармашылық қабілеттері дамытылады.</p> <p>Тәрбиелік: Ұқыптылыққа,сауаттылыққа тәрбиеленеді.</p> <p>Көрнекілік: интербелсенді такта, суреттер.</p> <p>Әдіс - тәсілдер: сұрақ - жауап, топтастыру,салыстыру,түсіндіру.</p>												
<b>Психологиялық ахуал</b>	<p>Еркін ұста дененді, Тарсылдатпай еденді, Орнымыздан тұрып алып. Жүгірейік бір уақыт, Бір, екі, үш, бір, екі, үш. Аяқты алға созайық, Тік көтеріп, қозғайық, Тым сылбыр да болмайық. Алға қарай озбайық, Бір, екі, үші, бір, екі, үш.</p>												
<b>Қызығушылықты ояту</b>	<p><b>*Үй тапсырмасын тексеру.</b></p> <p>-353-жаттығуды тексеру.</p> <p>- Зат есім дегеніміз не?</p> <p>- Зат есімге қандай сұрақтар қойылады?</p> <p>- Жалқы есім дегеніміз не? Мысал келтір.</p> <p>- Жалпы есім дегеніміз не? Мысал келтір</p> <p>-Зат есімнің жекеше түрі дегеніміз не?</p> <p>-Зат есімнің көпше түрі дегеніміз не?</p> <p>- Балалар! Біз бірінші сыныпта заттың қимылын, іс - әрекетін білдіретін сөздермен таныстық. Оларға қандай сұрақтар қойылады?</p> <p>Оқушылар:</p> <p>- Заттың қимылын, іс - әрекетін білдіретін сөздерге не істеді? не қылды? қайтті? деген сұрақтар қойылады.</p> <p>Оқытушы:</p> <p>- Дұрыс, балалар! Бүгінгі сабақта ондай сөздер тобын етістік деп аталатынын біліп, танып, сәйкес жаттығулар орындаймыз.</p>												
<b>Мағынаны тану</b>	<p><b>*Жаңа сабақ.</b></p> <p>1) Кестемен жұмыс.</p> <table border="0"> <tr> <td>"Не?"-----</td> <td>"Кім?"</td> </tr> <tr> <td>... құлындайды----</td> <td>...емдейді</td> </tr> <tr> <td>...қоздайды-----</td> <td>...оқытады</td> </tr> <tr> <td>...боталайды-----</td> <td>...тігеді</td> </tr> <tr> <td>...бұзаулайды-----</td> <td>...жазады</td> </tr> </table> <p>Осы жерден қандай ереже шығаруға болады?</p> <p>Кім?Кімдер? Не? Нелер? сұрақтарына жауап беретін сөздер адамның, жануарлардың және заттардың атын білдіреді.</p> <p>- Балалар, бүгінгі сабағымыздың қонағы кімдер?</p> <p>- Мұғалімдер.</p>			"Не?"-----	"Кім?"	... құлындайды----	...емдейді	...қоздайды-----	...оқытады	...боталайды-----	...тігеді	...бұзаулайды-----	...жазады
"Не?"-----	"Кім?"												
... құлындайды----	...емдейді												
...қоздайды-----	...оқытады												
...боталайды-----	...тігеді												
...бұзаулайды-----	...жазады												



	<p>- Мұғалімдер не істеді? -Келді,кірді,отырды.  - Мен не істедім? - Сұрадыңыз,айттыңыз.  - Сендер не істедіңдер? - Айттық,жауап бердік,сөйледік.  - Не аңғардыңдар?  Осы сөздің барлығы іс әрекетке байланысты.  2) Күннің жады жазылады.  Заттың қимылын білдіретін сөздер.  Бүгінгі сабағымыздың ұраны:  "Сөйлейміз,оқимыз,жазамыз  Бәрін білуге ұмтыламыз"  Ендеше осы ұранды ұстана отырып, сабағымызды бастаймыз.  3) Сәйкестендіру. Адасқан сөздерді сәйкестендір.  Арыстан .....боздайды  Түйе .....ақырады  Аю .....мөңірейді  Жылқы .....маңырайды  Қой .....кісінейді  Сиыр .....бақырады  Не істейді?Не қылды?Қайтті? сұрақтарына жауап беретін сөздер  заттың қимылын,іс-әрекетін білдіреді.  Мысалы:Оқыды,жазды,жүгірді,жүзді.  *<b>Оқулықпен жұмыс.</b>  <b>354-жаттығу.</b>Суретке қараңдаршы, балалар, әже не істеп  жатқанын айтыңдаршы.</p> <p>- Қандай қимыл жасап жатыр? Ол сөздер қандай сұрақтарға жауап  береді?  Ағаш жарды. Гүл суарды. Қыз секірді. Әже ұршық иірді. Домбыра  тартты.  -Бұл жерде заттың қимылын білдіріп тұрған сөздер қайсысы?  2) Кесте бойынша,электронды оқулықпен жұмыс.  <b>Ереже:</b>  <i><b>Заттың қимылын, іс - әрекетін білдіретін сөздерді, сөз табын  етістік дейміз. Етістіктерге не істеді? не қылды? қайтті?  деген сұрақтар қойылады.</b></i>  (Ережені түсіндіру, оқыту, талдау).  <b>355-жаттығу.</b> Жұмбақтарды оқып,шешуін тап.  Жазда қыдырады,қыста тынығады. (су)  Таңмен көзін ашады,  Әлемге нұрын шашады.(күн)  <b>356-жаттығу.</b>Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жаз.Көп  нүктенің орнына қойылған сөздер қандай сөздер?</p>
<p><b>Сергіту сәті</b></p>	<p>Орманда кірпі келеді,  Саңырауқұлақ тереді.  Кездесті, міне, керегі:  Екеуі қайың астынан.  Біреуі терек қасынан.  Қанша олар болмақ есепте,  Тоқылған салса себетке?</p>



<b>Ой толғаныс</b>	<p><b>357-жаттығу.</b>Берілген етістіктерді қатыстырып сөйлемдер құра.  <i>Құстар ағашқа қонды. Сіркіреп жаңбыр жауды. Өзеннің суы тасыды.Балықтар суда жүзді.</i></p> <p><b>358-жаттығу.</b>Берілген сөздердің ішінен етістікті тауып,олардың етістік екенін дәлелде.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сабағымызды сұрақтар арқылы бекітеміз, қорытындылаймыз.</li> <li>- Заттың қимылын, іс - әрекетін білдіретін сөздерді не дейміз?</li> <li>- Жинады, ойнады сөздері қай сөз табына жатады?</li> <li>- Етістіктерге қандай сұрақтар қойылады?</li> <li>- Сөздерге етістік қосып айтындар. Түйе..... Мысық.... Қой.... Балалар..... Қар....</li> </ul>
<b>Үйге тапсырма</b>	359-жаттығу,131-бет,ереже жаттау.
<b>Бағалау</b>	<u>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау</u>
<b>Кері байланыс</b>	